

"Атырау облысы аумағында Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 шілдедегі № 345-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 3 маусымдағы № 176-VIII шешімі

Атырау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Атырау облысы аумағында Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 шілдедегі № 345-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4476 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

корсетілген шешіммен бекітілген Атырау облысы аумағында Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары мен шарттарына:

7-тармақтағы "оның ішіндегі нұсқағыштарды" деген сөздер алынып тасталсын;

8-тармақтың 3) тармақшасындағы "арнайы бөлінген орындарда орналастырылатын" деген сөздер алынып тасталсын;

8-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

8-тармақтың 5), 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) автожанармай құю станцияларына, автогаз құю станцияларына, газ толтыру пункттеріне, газ толтыру станцияларына, автогаз толтыру компрессорлық станцияларына кірген жерде орналастырылатын мұнай өнімдері мен сұйытылған мұнай газының түрлері, мұнай өнімдерінің және сұйытылған мұнай газының бағалары, сатушының атауы мен логотипі туралы ақпарат;

7) ғимаратқа кірер жолдардың саны бойынша оған кірер жолдың шегінде және (немесе) алып жатқан аумақтың қоршауына кірер жолда, сондай-ақ айырбастау

пункттері ғимараттарының, оларға жапсарлас құрылыштарының және уақытша құрылышжайларының шегіндегі шатырларда және қасбеттерде орналастырылатын, қолма-қол шетел валютасын және алтынды теңгемен сатып алу және (немесе) сату бағамдары туралы мәліметтер бар ақпарат;

8) сырттан көзбен көру үшін сөрелер мен терезелерді ішкі безендіру жатпайды".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*M. Хайруллиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК